# Э.Г.Юдин методология құрылымы

Мақсот Аяулым
БҚБ-405



- Юрин Эрик Григорьевич (1930-1976) - кеңес философы, әдіскер. 1960 жылдардың бірінші жартысында Мәскеудің әдіснамалық үйірмесінің белсенді мүшесі және көшбасшыларының бірі, содан кейін елдегі жүйелік зерттеу қозғалысының ізашарларының бірі, «Философия және жүйелік зерттеулер әдіснамасы» ғылыми мектебінің негізін қалаушы.
- Юдиннің негізгі ғылыми қызығушылығы: заманауи әдіснамалық білімнің табиғаты мен сипаттамалары ғылымға әсер етудің нақты түрі ретінде; жүйелік тәсіл; бастапқыда түсінген философия мен ғылымдағы қызмет санаты

# Педагогика ғылымының әдіснамасы. Әдіснамалық білімдер тобы төрт деңгейлі келеді. (Э.Г. Юдин).

- Философиялық
- Жалпы білімдік
- Нақты
- ғылымдық
- Технологиялық

Әдіснаманың ең жоғары философиялық деңгейі танымның жалпы принциптері мен бүкіл ғылымның категориялар құрылымын негіздейді. Осыдан философиялық білімдердің барша жүйесі әдіснамалық қызмет атқарады.

Екінші – жалпы ғылымдық - әдіснама деңгейінде ғылымдардың баршасында не көпшілігінде қолданылуы мүмкін теориялық тұжырымдарды белгілейді.

Үшінші деңгей – нақты ғылым әдіснамасы қандай да нақты ғылыми пән аймағында қолданылатын зерттеу әдістері мен принциптерінің жиынтығын құрайды. Нақты ғылым әдіснамасы белгілі саладағы ғылыми тануға тән болған проблемаларды, сондай – ақ жоғарылау келген әдіснамалық деңгейлерге байланысты алға тартылатын мәселелерді де қамтиды, мысалы: педагогикалық зерттеулердегі жүйелестіру мен жобалау (моделдеу) проблемалары.

Төртінші деңгей – технологиялық әдіснама – зерттеу әдістері мен техникасын белгілеп, деректі эмпирикалық материалдарды жинақтап, алғашқы өңдеуден өткізіп, кейін оларды ғылыми білімдер өрісіне қосу қызметтерінен хабар береді. Бұл деңгейдегі әдіснамалық білім нақты көрсетпе – нұсқау сипатына ие.

Әдіснаманың барша деңгейлері күрделі жүйеде бірігіп, өзара сабақтастықпен байланысты келеді. Ал әрқандай әдіснамалық деп танылған білімнің мазмұндық негізі философиялық деңгейден іздестіріледі, себебі таным процесі мен болмысты қайта жасау әрекеттерінің дүниетаным, көзқарас бағдары осы философиямен айқындалады.

# Пайдаланылған әдебиеттер:


- **Щедровицкий Г.П.** Проблемы методологии системного исследования. Материалы к конференции «Проблемы исследования систем и структур» / На правах рукописи: В.Я. Дубровский, Н.И. Кузнецова, В.А. Лефевр, Р.Г. Надежина, В.М. Розин, В.Н. Садовский, Г.П. Щедровицкий, С.Г. Якобсон, Э.Г. Юдин. - М., 1965. – 340 с.
- **Юдин Э.Г.** Методология науки. Системность. Деятельность. - М.: Эдиториал, 1997. – 440с.